



«МЕН ТАҢДАҒАН МАМАНДЫҚ»



М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жұмыс берушілердің ғаламдану шартындағы әлемдік нарық шартының өзгеруіне бейімделген, заманауи техника және технологиямен жұмыс жасай білетін, ойлау қабілеті жетілген мамандарға қажеттілікті қанағаттандыру үшін жұмыс жүргізуде.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде осы бағыттағы мамандарды даярлауда «Механика және мұнай газ ісі» факультетіндегі «Стандарттау және сертифицикаттау» кафедрасымен жұмыс берушілердің шартындағы әлемдік нарық шартының өзгеруіне бейімделген, заманауи техника және технологиямен жұмыс жасай білетін, ойлау қабілеті жетілген мамандарға қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында білікті мамандарды дайындайды.

2016-2017оқу жылынан бастап Қазақстан РБҒ Министрлігінің шешіміне сәйкес 5B073200—«Стандарттау, сертифицикаттау және метрология» мамандығы екіге бөлінді, қазіргі таңда кафедрада 6B07510—«Стандарттау және сертифицикаттау», 6B07513 - «Метрология» бакалавр мамандықтарын өзірлейді, ал магистрлерді дайындау барысында 7M07510—«Стандарттау және сертифицикаттау», 7M07513—«Метрология» мамандығы бойынша жүзеге асырылады. Даярлау білім бағдарламасы мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

Аталған мамандықтар еліміздің заманауи даму кезеңінде сапа бәсекеге қабілеттілікті жоғарлату және кәсіпорынның экономикалық өсуі үшін анықтаушы фактор ретінде қарастырылады. Стандарттау және сертифицикаттау мамандықтары бойынша түлектер еңбек нарығында жоғарғы қажеттілікке ие.

Біздің мамандықты бітіруші түлектер ЖОО аяқтағаннан соң кез келген кәсіпорындар мен түрлі өндіріс орындарында сапа бойынша менеджер, инженер, сарапшы аудитор, стандарттау бойынша инженер, сертифицикаттау бойынша маман, метролог, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен инспекциялық қызметтерде, мемлекеттік инспектор қызметтерінде қызмет ете алады. Толық ақпаратты @standard_uku инстаграм парақшасынан ала аласыздар.

**А.Е.Отуншиева, А.Ә.Тоқтабек
М.Әуезов атындағы ОҚУ «Стандарттау және сертифицикаттау» кафедрасының магистр, аға оқытушылары**

Жаңа форматқа көшу – уақыт талабы

Елімізде 2020 жылдың 16 наурызынан бастап төтенше жағдай режимі мен карантин шаралары енгізіліп, қашықтықтан оқу жүйесі, жұмыс істеу режиміне көшті.

М.Әуезов атындағы ОҚУ қашықтықтан оқытуға толық көшірілді. Мұндағы басты мақсат – азаматтарымыздың денсаулығын сақтап, өмірін қорғап қалу.

Бірінші курс студенттері 2020-2021 оқу жылының көктемгі семестрінде сабақтар аралас форматта болады. Сабақтардың (дәрістердің) 70%-ы онлайн режимде және 30%-ы (практикалық, семинарлық, зертханалық) сабақ кестесіне сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, М. Әуезов атындағы ОҚУ ғимараттарында өтеді.

Екінші, үшінші курс студенттері үшін барлық сабақтар онлайн форматта өтіліп жатыр. Ал қашықтықтан оқыту босансуға жол бермейді. Себебі, қазіргі заманғы технологиялар барлық кезеңдерін қашықтықтан

оқу форматына көшіруге толығымен мүмкіндік берді.

Қашықтықтан оқыту карантин жағдайында оқу үрдісін жалғастыруға мүмкіндік туғызып отыр.

Сол себепті Бәрімізге белгілі қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың үш түрлі формасы бар: «Zoom», «Microsoft Teams», «Webex Meetings», және кең таралған үшінші түрі – вебинар платформаларында өткізілді.

Құрметті әріптестер! Мемлекет басшысының мөлімдемесін бір ауыздан қолдай отырып, сақтық шараларын өзімізден бастайық.

Ел аман, жұрт тыныш болсын.

**А.А. Тоқтабек,
А.Е.Отуншиева
М.Әуезов атындағы
ОҚУ-нің «Стандарттау және сертифицикаттау» кафедрасының магистр, аға оқытушылары**